«ТУҒАН ЕЛГЕ САЯХАТ» АКЦИЯСЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ 4 бет

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№75 (2458) 13/08/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

**Марат ШАКЕНОВ,**

**УПРАВЛЯЮЩИЙ ДИРЕКТОР – ДИРЕКТОР ДЕПАРТАМЕНТА ПО БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ АО «НК «ҚТЖ»:**

**“ПОВЫШЕНИЕ НАДЕЖНОСТИ ЛОКОМОТИВОВ, КАЧЕСТВЕННОЕ ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ УСЛУГ ПО ИХ РЕМОНТУ И ОБСЛУЖИВАНИЮ – ЭТО ГЛАВНЫЙ ФАКТОР ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА”**

ПЕРЕВОЗКИ

## СУХОПУТНЫЙ ТРАНЗИТЕР

**Контейнерные транзитные перевозки через территорию Казахстана выросли на 38%. Это очередное доказательство того, что транзитный потенциал Казахстана – важнейшая составляющая государственной стратегии развития, которая дает свои колоссальные результаты.**

Всего объем транзитных перевозок контейнеров по территории Казахстана с начала текущего года составил 351,6 тысячи ДФЭ (двадцатифутовый эквивалент), что на 38% выше результатов, достигнутых за аналогичный период 2018 года.

При этом сохранен существующий темп роста по основному маршруту контейнерного транзита Китай/Азия – Европа – Казахстан – Китай/Азия, увеличен контейнерный поток в сообщении со странами Центральной Азии на 51%.

Кроме того, рост транзитных контейнерных перевозок по территории Казахстана достигнут и по другим направлениям. В частности, по Транскаспийскому международному транспортному маршруту доставлено 2,9 тысячи контейнеров в ДФЭ, что на 60% больше, чем в прошлом году.

Объем контейнерных перевозок через порт Актау, находящийся в доверительном управлении АО «НК «ҚТЖ», составил 1,8 тысячи ДФЭ, что в 15 раз выше чем за аналогичный период 2018 года.

Такие отличные показатели стали возможными в том числе благодаря сокращению транзитного времени на железнодорожных маршрутах из Китая в Европу и обратно через Казахстан. Специалисты отмечают, что в Казахстане созданы все необходимые условия в качестве основного сухопутного транзитера.

*Алуа ТЛЕУБАЕВА*

ПУТЕВЫЕ РАБОТЫ



# ПОВЫШАЯ НАДЕЖНОСТЬ

Одной из приоритетных задач путейцев всегда оставалось и остается текущее содержание пути. И нынешним летом работники путевого хозяйства все силы направили на выполнение этих работ.

**Асель ШАЙХЫНОВА**

В целом, план капитального ремонта на 2019 год составляет более 400 километров пути. Из них до конца года капитальным ремонтом осталось охватить 149 километров, в том числе на участках Астана – Павлодар – 54,7 километра, Жезказган – Кызылжар – 23,4, Семей – Дегелен – 12,4, Достык – Саяк – 24,5, Актобе – Кандыагаш – 9,7, Макат – Шетпе – 24,6 километра.

При этом технологические окна по выполнению капитального ремонта пути начаты с начала апреля текущего года – сразу после оттаивания балластной призмы железнодорожного пути. Исполнение капитального ремонта пути подрядным способом на сегодня составляет 245,99 километра, или 61%.

– План усиленного среднего ремонта пути хозяйственным способом в общем составляет 121,5 километра. Также в наших задачах есть план сплошной смены рельсовых опор – 10,75 километра, среднего ремонта пути – 121,64, смены рельсовых плетей – 77,32, смены рельсов – 36,55 километра, – рассказал менеджер отдела эксплуатации департамента пути и сооружений Абзал Сабырханов.

Всего из запланированных 769,04 километра летне-путевых работ на текущий момент уже на более 430 километрах работы выполнены.

– В рамках повышения эффективности производственных процессов внедряются ресурсосберегающие технологии, позволяющие повторно применять материалы верхнего строения пути с целью рационального использования жизненного цикла актива. К примеру, восстановлено 600 крестовин, произведена сварка 2200 стыков с применением алюминотермита, использована рельсо-шлифовальная машина «Атлас» для профильной шлифовки рельсов и устранены поверхностные дефекты от воздействия подвижного состава, а укладка плети из репрофилированных на рельсосварочных предприятиях старогодних рельс продлевает срок их службы до 20% от срока эксплуатации, – отметил Абзал Сабырханов.

Модернизация железнодорожного пути направлена на повышение безопасности движения и увеличение скоростей пассажирских и грузовых поездов.

К слову, на магистрали штат путейцев укомплектован в полном объеме. И, что особенно радует, на этом сложном и ответственном участке работы с удовольствием трудятся молодые и перспективные ребята, которым старшее поколение путейцев постепенно передает свой опыт.

СЕРВИС

# ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ТАСЫМАЛДАУ ЕРЕЖЕСІ ӨЗГЕРЕ МЕ?

Жолаушы пойыздары арқылы тек адамдар ғана емес, ит-мысық сынды ұсақ үй жануарлары да сапар шегеді. Қазақстанда жолаушылар тасымалы ережелері бойынша ұсақ үй жануарларын пойызбен тасымалдау тек купеге рұқсат етіледі, сонымен қатар бір купені тұтас сатып алуға тиіс. Бұған, әрине сүйікті иті мен мысығын алып жүретін жолаушылар да, қазақстандық жануарлар қорғау орындары мен кинологтар да қарсы...

**Райхан РАХМЕТОВА**

Осы мәселе бойынша өткен аптада ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі көлік комитеті төрағасының орынбасары Жәнібек Тайжановтың төрағалық етуімен өткен жиында «Жолаушылар тасымалы» АҚ, жекеменшік тасымалдаушы компаниялар өкілдері, сонымен қатар ҚР ИИДМ жанындағы қоғамдық кеңес мүшесі, қоғам қайраткері Аида Жексенова және қазақстандық жануарларды қорғау қауымдастығының өкілі Лилия Сәрсенова, «Атамекен» ҰКП логистика және тасымал департаментінің сарапшысы Дархан Мұратханов бас қосты.

Шағымданушы тараптың айтуынша, Алматыдан Петропавлға дейін бір купелік орын 10 мың болса, ондағы 4 орын итін немесе мысығын алып жүретін адамға 40 мыңға түседі екен. Ал егер ол жолаушы төрт аяқты досымен барып-қайтатын болса, сапар оған 80 мың теңгеге түспек.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, өзге елдерде үй жануарларын тасымалдау үшін тек қосымша алым алынады екен, ол бар болғаны бір билеттің жарты ақшасына тең. Аида Жексенова осы мәселені үй жануарларын ұстайтындар атынан көтерді. Олар тым болмаса көрші елдердегідей жеңілдетілген жүйе енгізілсе деп сұрайды. Әсіресе, кинологтар қауымдастығы иттерді көрмелерге апару үшін пойызбен әрі-бері қатынауда осындай қиындықтарға ұшырайды екен.

– Әлем елдерінде кәрзеңкеге итті салып алып, иесі тек өз орнына билет алады да, сосын жануар үшін ғана қосымша төлеп сапар шеге береді. Ит кәрзеңкесімен бірге төменге иесінің қасына қойылады. Орын алмайды. Әлем елдері 2018 жылдан бастап үй жануарларын тасымалдауда билет алудың жаңа жүйесіне көшті. Онда ұсақ үй жануарлары контейнерлерге салыну керектігі, оған жануарлар үшін алым алынатындығы, яғни бөлек орын сатып алынбайтыны көрсетілген. Бұл өзгерістер Қазақстандағы жануарлар тасымалына әлі енгізілмей отыр. Тіпті көрші жатқан Өзбекстан, Украина, Тәжікстан осы өзгерістерді қабылдады, – дейді Аида Жексенова. Үй жануарларының тасымалына қатысты өзгерістер туралы тиісті органдарға хат жолдаған ол өзіне қайтарылған жауапқа қанағаттанбайтынын жеткізді.

*(Жалғасы 2 бетте.)*

АҚПАРАТ

## ТАБАНДЫҚ ТЕЖЕГІШ АЙЛЫҒЫ

**«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ бойынша қозғалыс қауіпсіздігіне байланысты айлық шаралары биылғы жылы да жоспарға сай жалғасын табуда. Міне, 5 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында «Есте сақта, табандық тежегіш – қатаң есепке алынатын инвентарь» деп аталатын кезекті айлық тұсауын кесті.**

Жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігі үшін маңызды фактор болып табылатын табандық тежегіш айлығын өткізудегі мақсат – компанияда табандық тежегіштердің жоғалуы, қолды болуының алдын алу, сондай-ақ оны дұрыс қолдануға бақылау жасау.

Айлық барысында аймақтардағы барлық компания филиалдарына шараны өткізу бойынша жеделхаттар жолданды. Соның негізінде Жүк тасымалы бөлімшелерінің басшылары арнайы бұйрық шығарып, айлық аясында жасалатын шаралар жоспарын бекітуде. Жоспарға сай жер-жерде аншлагтар ілініп, айлықтың өткізілетіні туралы барлық қызметкерлер құлағдар болды. Селекторлық жиындарда шараның жоспары таныстырылып, станция, вагон пайдалану және локомотив пайдалану деполары бастықтары тежегіштерді тексеруге шығады. Осы мекемелердің әрқайсысы 3 қосымша тексеру жүргізуі қажет. Әр филиалда қанша тежегіш бар, олардың жарамдылығы қандай, таңбалары соғылған ба, оларды сақтау орындарының жағдайы қалай, соның бәрі қаралып, кемшіліктер қорытынды жиында айтылады. Акт толтырылып, ол компания басшылығына жолданады. Айлық бойынша жасалған толық жұмыс нәтижесі 9 қыркүйекке дейін жинақталып, тиісті орындарға жіберілуі керек. Тежегіштер сұрыптау дөңесінде вагондарды тежегіш құралы ретінде пайдаланылады. Бұл маңызды құралдың екі бортты және бір бортты болып табылатын 2 түрі болады. Екі бортты тежегіш әлдеқайда мықтырақ келеді, ол рельс тізбегіндегі қозғалып бара жатқан вагонды тоқтатуға қолданылады. Олармен жұмыс істейтін вагон құрастырушылар болғандықтан айлық барысында осы кәсіп иелерінің біліктілігі де арттырылмақ.

*Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ*

## ҮРДІСКЕ АЙНАЛҒАН

**Семейлік теміржолшылар арасында байырғы сала ардагерлері, Құрметті теміржолшылармен жүздесіп, өнегесін тыңдау дәстүрге айналған. Бұл игілікті үрдіс биыл да жалғасын тапты.**

Жуырда бөлімшенің кәсіподақ ұйымы мен ардагерлер кеңесі бірлесіп, еңбектен абырой тауып, табысқа жеткен қариялар қауымын арнайы шақырды. Олардың қатарында заманында қажырлы еңбегімен елге танылған Құрметті теміржолшылар Байғара Абаев, Қабдырахман Байғалиев, ұзақ жылдар бойы табысты еңбек еткен Нағима Мойынбаева сынды сала ардагерлері келген болатын.

Алғашқы сөзді алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ жанындағы консультативтік кеңес мүшесі, бөлімшедегі ардагерлер кеңесінің төрағасы, құрметті теміржолшы Қырықбай Әлсейітов бүгінгі таңда компания бойынша қолға алынып жатқан шаралар, жалпы теміржолдың болашағы жайлы әңгіме өрбітіп, семейлік теміржолшылар да саланы дамыту жолында аянбай еңбек етеріне сенімді екендерін білдірді.

Ал бөлімше басшысы Марлен Көкрекбаев аға буын өкілдерін Семей өңірінде жүзеге асып отырған тың жаңалықтармен таныстырып, алдағы жоспарларымен де бөлісті.

Құрметті теміржолшылар осындай шара ұйымдастырып, мерекеге орай көңілдерін аулаған бөлімше басшылығы мен кәсіподақ ұйымына алғыс айтып, баталы тілек білдірді.

*Қуан ЕРТІС, Семей*

БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ

# ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ В БЕДЕ НЕ БРОСАЮТ

Сотрудники АО «НК «ҚТЖ» дружно помогают пострадавшим в Арыси. В компании не осталось ни одного равнодушного к произошедшей трагедии. Несмотря на то что событие действительно печальное, оно показало сильную сторону сотрудников АО «НК «ҚТЖ» – единство. Железнодорожники добровольно сдают деньги и гуманитарную помощь.

**Жаныбек КЕНЕС**

– По состоянию на 7 августа сотрудниками группы компаний АО «НК «ҚТЖ» собрано 166 223 665,35 тенге. 27 сотрудников с детьми, оставшихся без жилья, были направлены в санатории РК. Детям железнодорожников выданы бесплатные путевки в оздоровительные лагеря. При этом оплата 10% стоимости путевок покрывается за счет средств, собранных для поддержки пострадавших, – рассказала главный менеджер департамента по управлению человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Акмарал Байгабулова.

Также совместно с отраслевым профсоюзом для 50 детей сотрудников, проживающих в городе Арысь, организован экскурсионно-реабилитационный тур, в рамках которого проводится работа с психологами и другими специалистами для оказания им моральной поддержки.

– Совместно с профкомом из Арыси мы приняли решение организовать экскурсию для ребят в Нур-Султан. Все финансовые расходы взял на себя профсоюз. Кроме того, было принято решение также привезти ребят из Атырау, Тараза и Акмолинской области, чтобы дети могли поближе познакомиться, найти себе новых друзей. В общей сложности в экскурсионно-реабилитационном туре приняло участие около 90 ребят, – рассказал председатель общественного объединения «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» Оразгали Ахметбаев.

Получило широкую поддержку среди сотрудников компании и социальное движение «Қамкоршы – теміржолшы». Работники ҚТЖ собрали и передали большое количество хозяйственных товаров, постельных принадлежностей, продуктов питания и одежды.

Кроме того, 70 миллионов тенге переведены на счет Корпоративного фонда социального развития «Туркестан» при акимате Туркестанской области для оказания помощи пострадавшим.

Между тем, в соответствии с факсограммой первого заместителя председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Каната Альмагамбетова приостановлено проведение мероприятий по проверке знаний по всем дочерним организациям АО «Пассажирские перевозки» до особого распоряжения.

– Молодыми железнодорожниками инициирован и запущен благотворительный проект «Соберем детей в школу», в рамках которого собраны канцелярские товары и школьные принадлежности, которые в преддверии Дня знаний будут переданы детям железнодорожников Арыси. Данная акция продолжается, – отметила Акмарал Байгабулова.

ЦИФРА НОМЕРА

**БОЛЕЕ**

**20 000**

**ПАССАЖИРОВ ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ НОВОЙ УСЛУГОЙ «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ»**

АҚПАРАТ

# ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС



**Атырау вагон пайдалану деносының вагон қараушы-жөндеушісі Берік Қисықов – өз ісіне адал жан. Міне, 15 жылдың жүзі болды, ол жылжымалы құрамның ақауын тап басып тауып, оны жөндеп қалпына келтіру жұмысын кәсібиліктпен атқаруда.**

Осыған дейін де талай қауіпті ақаудың алдын алып, 2016 жылы «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісімен марапатталған болатын.

Биыл тағы бір күрделі ақауды анықтады. Атырау станциясының 8-ші жолында түнгі сағат 03:36 минутта келіп тұрған пойызға техникалық қызмет көрсету кезінде вагон қарап-жөндеуші Берік Қисықов доңғалақ буксының 23 милиметрге ығысып кеткенін анықтаған, ол қалыпты 1,5 мм-ден әлдеқайда артық. Сондықтан дереу қақпақты ашып, бұранданы ағытып қарағанда ішіндегі темір сынып, майы қарайып кеткенін көреді. Вагон ақаулы деп танылып, Атырау депосына техникалық ағытып-жөндеуге жіберілген. Сол үшін ол «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаевтың бұйрығымен «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісімен марапатталып, оны Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің басшысы Мағауия Оразқұлов иесіне табыс етті.

Берік Құдайбергенұлы 1982 жылы туған, отбасылы, 3 баланың әкесі. Атырау №1 кәсіптік-техникалық мектепті бітіріп, еңбек жолын 2001-2004 жылдар аралығында «АтырауМұнайМаш» ЖШС-де слесарь-жөндеуші болып бастаған. 2004 жылдың ақпан айынан бастап Атырау вагон пайдалану депосында 3-разрядты вагон қарап-жөндеуші болып өмірін темір жолмен біржолата байланыстырды. Содан бері теміржолшы мамандығына кір келтірмей келеді, алдымен 4-ші, ал тағы үш жылдан кейін 5-ші разрядты маман атанды.

*Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау*
*Суретті түсірген автор*

# «ТАЗА ВОКЗАЛ» АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ



**Ақтөбе вокзалында «Таза вокзал» акциясы басталды. Вокзал басшысы Тойбазар Қуанышев заңсыз билет сатылымына жол бермес үшін тұрақты рейд жұмыстарын қолға алғандарын хабарлады.**

Акция аясында вокзал айналасындағы билетсіз жолаушылар, алыпсатарлар мен мазаңды алатын таксистер жұмысына дейін бақыланатын болады. 30 шілдеде бастау алған шараға Жүк тасымалы, вокзал басшылығы және желілік полиция бөлімдері атсалысуда.

«Заңсыз билет сатылымы қатаң бақылауда. Вокзал кезекшісі тұрақты мониторинг жұмыстарын жүргізіп отыр, Алматыға, Астанаға, Маңғыстауға қарай барушылардың саны сараланып, барлық ақпарат жолаушылар бөліміне хабарланады. Олар соған сай қосымша вагон тіркейді. Бүгін жөнелтілген Атырау пойызына қосымша бір вагон тіркелді, интернет арқылы сатудан бөлек айналымға түскен билеттерді кассаға кезекке тұрған жолаушылардың алуына жағдай жасалды», – дейді Тойбазар Қуанышев.

Өңірде алыпсатарларға қатысты өткен жылы мынадай бір оқиға болған. Бірнеше адамды жинап бір вагонға билет сатып жіберген алыпсатар оқиғасы желілік полиция бөлімшесінің мамандарына жіберілген. Ал биылғы жартыжылдықта жолаушылардан ешқандай шағым түспеген.

Сонымен қатар, жергілікті биліктің қолдауымен вокзал айналасына жөндеу жұмыстары жүргізілетін болды. Әкімшілік теміржол вокзалы маңындағы автокөлік тұрағының жұмысын да ретке келтіруді қолға алмақ.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*
*Суретті түсірген автор*

# ӨНІМДІ ЕҢБЕК ШАРТЫ

**Әр күн, апта, ай, тоқсан, жыл есебін шығарып отыру – темір жол саласында өнімді еңбек етуге әкелетін басты шарт. Сондықтан темір жол саласында басшылар тексерулер алдындағы есеп беру жиындарын жиі өткізіп отырады. Кезекті жиын Маңғыстау ЖТ жол бөлімшесінде өткізілді.**

Филиал директоры Нәжімеден Ғұбашевтің басқаруымен өткен селекторлық жиын түбекте жыл басынан бергі 7 айдағы пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне арналды. Оған станциялар мен вагон және локомотив деполарының басшылары қатысты.

Аталған кезеңде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша негізгі назар, әрине жұмысшылардың өз қызметтік міндеттемелерін сапалы орындауына аударылды. Бұл әсіресе, пойыздарды өткізу мен жөнелту технологиясын сақтау, маневрлік жұмыстарды жүргізу, станция ТТА-не сәйкес нормалар мен ережелер бойынша жылжымалы құрамды бекіту, пойыздық және маневрлік қозғалыстар кезіндегі қызметтік келіссөздер тәртібі, еңбек режимі мен локомотив бригадаларының демалысын сақтау, таспаны оқу, депоның командалық-инструкторлық құрамының жұмысы, пойыздар мен вагондар құрамына техникалық қызмет көрсету талаптарын сақтау туралы болды.

Филиал директоры «Қозғалыс қауіпсіздігіне ерекше назар» атты айлық кезінде персоналды оқыту бойынша тапсырманың орындалуына ерекше мән берді. Сондай-ақ, стандартты емес жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттерге, станциялар бастықтарының өз жоспарын сапалы орындауы, қозғалыс қауіпсіздігі бойынша вагон және локомотив деполары басшыларының нормативтерді мүлтіксіз атқаруы, сапалы жөндеу жүргізу, жылжымалы құрам мен техникалық құралдарды пайдалану мен қызмет көрсету, еңбек қорғау, өрт қауіпсіздігі жағдайлары сөз болды. Аталған селекторда желілік кәсіпорындар басшыларына жоғары талаптар қойылды, тапсырмалар орындалмаған жағдайда ең қатал деген шаралар қолданылатыны ескертілді.

*Ұлан ОРАЗ*

СЕРВИС

# ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ТАСЫМАЛДАУ ЕРЕЖЕСІ ӨЗГЕРЕ МЕ?

*(Соңы. Басы 1 бетте)*

Бұл мәселе 2017 жылдан бері көтеріліп келе жатыр екен. Алдымен қоғамдық кеңесте сөз болған. Ол кезде министрлік өкілдері болған. Олар осы жылы жаңа жұмыс тобын құру туралы уәде еткен. Алайда күтіп-күтіп, болмағасын Аида Жексенова Индустрия және инновациялық даму министрлігіне шағымданған. Олардың берген жауабында Қазақстанда темір жол көлігімен облысаралық қатынаудың орташа ұзақтығы 12 сағатты құрайтыны, қаламаңы жолаушылар тасымалында жануарларды тасымалдау оларды арнайы қорапшада алып жүрген жағдайда рұқсат етілетіні жазылған. Темір жол көлігінің айырмашылығы, мұнда жолаушылар тасымалы шектеулі кеңістікте көп адаммен, ұзақ қашықтыққа жүзеге асырылады. Соған байланысты үй жануарларын алып жүру жолаушылар үшін қолайсыздық пен жайсыздық туындатып, олардың шағымдануына әкеледі. Себебі олардың арасында ит-мысықтың өзін түгілі иісін жақтырмайтындар, олардың жүнінен аллергиясы қозатын адамдар болуы әбден мүмкін. Бұл мәселе 2019 жылы темір жол қызметінің нарығындағы жаңа субъектілердің өзара іс қимыл технологиясы және нормативтік құқықтық базасын жетілдіру бойынша жұмыс тобының аясында қарастырылады делінген.

– Жауаптан байқағаным, ережелер бәрібір өзгертілмейді. Жолаушыларға бұл қолайсыздық туғызады. Адамдардың жануарларға қатысты



пікірін, көзқарасын өзгерту керек. Адамдардың бойында жануарларға деген сый-құрметті тәрбиелеу қажет. Бұл жағдайда иті немесе мысығы бар азаматтардың құқығы аяқасты болып отыр, – деп санайды Аида Жексенова.

Нақты ұсыныс ретінде олар пойыздардың соңғы вагондарының бірінен арнайы орындар үй жануарларын тасымалдауға арналғандығы белгіленіп, көрсетілсе, бірақ ол орындар жалпы жолаушылар сатылымда да тұра берсе, тек осы орынды таңдағанда жолаушыларға бұл орындардың жануарлар тасымалдайтын орынмен көрші екені ескертілсе, билет алу-алмау өз құқығы деген ойларын жеткізді. Ондай жағдайда адамдардың төрт аяқты досы сапар шегетін купеден көрші болып билет алу не алмауды жолаушының өзі шешеді, ең бастысы ол күнібұрын ескертіледі, жеңілдетілген бағамен билет алуға болатынынан да хабардар болады.

Жиынға қатысып отырған жан-жануарлар құқын қорғаушылар Қазақстан теміржолы өкілдеріне осындай механизм енгізуге өтініш білдірді. Сонымен қатар арнайы қорапшаға салынған үй жануарының салмағына қарай оған жүк ретінде ақша төлеу жағын қарастырса деген ойларын да жеткізді.

Жолаушы тасымалдаушы компаниялар өкілдері қай жағынан алып қарағанда да бұл мәселенің реті келмейтінін, себебі олар үшін ең бастысы жолаушылардың жағдайын жасау, халықтың көңілінен шығып, онсыз да күрделі болып тұрған жолаушы тасымалы сервисі маңыздырақ екенін, ал екінші тарап ұсынған өзгерістер енгізу техникалық жағынан еш мүмкін емесін түсіндіруге тырысты. Бұл туралы «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас менеджерлері Қазбек Такешов, Ботагөз Әкімова және «Nomadas» ЖШС бригадалармен жұмыс бойынша сектордың бастығы Гүлмира Марденова өз тәжірибелері мен бүгінгі жолаушылар тасымалындағы ерекшеліктер мен қазақ халқының менталитетіне қатысты пікірлерін білдірді.

Отырыс төрағасы ҚР ИИДМ көлік комитеті өкілінің шешімімен осы айдың аяғына дейін тараптардың осы мәселеге қатысты ұсыныстарын жинақтап, ортақ бір шешімге келу, оны министрлікке таныстыру және әрі қарай шешу керектігі тапсырылды.

БАЙЛАНЫС

# КӨЗБОЯУШЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы теміржолшылары жыл басынан бері телімдерден өткен пойыздар ішінен 16 пойызды құрылғылардың көрсетуі бойынша тоқтатып, себебін 100 пайыз дәлелдеген. Ал жыл басынан бері КТСМ құрылғыларымен 102935 пойыз бақылаудан өткен.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда*

КТСМ құрылғысының нысанасына ілінген пойыздардың 2-уі локомотив буксының қызуынан, 10 пойыз букстың кінәратынан, 4 жағдайда доңғалақ жұбының тежелуі салдарынан тоқтатылып, екі вагон құрамнан ажыратылған.

Жалпы, дистанциялықтар күнделікті және әр ай сайын басшылық тарапынан белгіленетін нормативтік, кәсіби тапсырмаларды орындауда кемшіліктің жіберілмеуіне аса мән береді. Өйткені бір теміржолшының кінәсінен кеткен ағаттық бүкіл дистанцияның жұмыс көрсеткішіне кері әсер ететінін жақсы біледі. Сондықтан дистанциялықтар жылдың қай мезгілі, қай күні болмасын, тіпті шілденің 60 градусқа жеткен ыстығында да жұмыстарын бір сәтке де тоқтатқан емес. Жыл басынан бері ақау, апат, оқиға секілді жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін жағдайлардың орын алуына жол бермей, телім бойында байланыс құрылғыларының бабын жасауда. Ескіні жамап, жаңаны ұқсатып, бар күш-жігерлерін қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыруға арнаған дистанция теміржолшылары СОБ, ВОЛС, радиорелелік радиобайланыс, КТСМ және желілік байланыс жүйелеріне күнделікті ағымдық күтім жасап, олардың техникалық талапқа сай кідіріссіз жұмыс жасауын қамтамасыз етуде.

– Біздің дистанцияның төрт жүз шақырымнан асатын пайдалану аумағындағы байланыс құрылғыларының күнделікті кідіріссіз жұмыс жасауы үшін теміржолшылар аянып жатқан жоқ. Телімдердегі байланыс құрылғылары, СОБ, автобұғаттау нысандары, диспетчерлік және электрлік орталықтандыру желілері және өзге де құрылғылардың жұмыстан тыс қалмауы жұмысымызға сын болады. Сондықтан байланыс тетіктерінің талапқа сай жұмыс жасауы үшін таза жұмыс жасап, көзбояушылыққа жол бермеуге тырысамыз, – деді дистанцияның техникалық бөлімінің басшысы Ақшагүл Күрбенова.

Бөлім басшысы ұсынған мәліметтерге қарап дистанциялықтардың байланыс құрылғы-ларының маневрлік және пойыздық қозғалысы барысында жұмыстан тыс қалуына жол берілмегенін байқауға болады. Керісінше, өздеріне бекітілген міндеттердің кемшіліксіз орындалуына күш салып, құрылғылардың техникалық бабымен жұмыс жасауын барынша қамтамасыз етуге тырысқан. Мәселен, құрылғылардың сенімді жұмыс жасауы үшін маусым және шілде айларында телімдердегі қуаттаушы панелдердің дені бақыланып, тексеруден өткізілген.

Дистанцияның Шиелі, Тартоғай, Қараөзек, Керкелмес, Жалағаш, Жаңақорған, Жайылма, Бөрітескен, Төменарық және өзге де станцияларында 138 дана ТМ блогындағы КПТШ трансмиттері ауыстырылған, 20-бекет пен Белкөл станцияларында бағыттамалық бұрмалардың ППРЗ-5000 құрылғысы жаңартылған екен. Жалағаш, Тереңөзек, Ақмая, Қызылтам, Аққұм, Қаракеткен, Талап, Шиелі бекеттерінде МТ-2, МТ-1 релелерінің 12 данасы ДИМ-1RWD тетігімен алмастырылған.

Сонымен қатар байланыс құрылғыларына күтім жасаудың кешенді жоспары шеңберінде дистанциялықтар МСП/МСТ электр қозғалтқыштарының 83 данасын, СП-6 электр жетегінің 27 данасы жөндеуден өткізілген. 370 дана апатты жағдайдағы аккумулятор ауыстырылған. Төрт станцияда АЛСН құрылғысының сенімді жұмысын арттыру үшін сәулелі ЛУ релесін іске қосу, релелік дешифратордың сызбасын қорғау, ИМШ релесінің жұмысын сенімділігін арттыру секілді кешенді жұмыстар жүргізілуде.

– Дистанция аумағында байланыс құрылғыларының техникалық талапқа сай жұмыс жасауы үшін бәріміз жауаптымыз. Сондықтан құрылғыларға күнделікті, ағымдық және кешенді күтіп-баптау, жөндеу жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Ескісін өзіміздің жөндеу шеберханамызда қолда бар тетіктермен жаңалап, жамап-жасқап пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтап, олардың телімдерден кідіріссіз өткізілуі үшін жұмыс жасаудамыз, – дейді бөлім басшысы.

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# АПТАП ЫСТЫҚ ТА КЕДЕРГІ ЕМЕС

Маңғыстау жол дистанциясы үшін биылғы жыл оңайға соқпады. Ми қайнатар аптап ыстықтың беті айлап қайтпады. Бірақ жолшылар үшін бұл көрмей жүрген құқай емес, сондықтан үйреншікті жұмыстарынан жаңылмай, ыстықтан темір екеш темір балқып жатқан кезде жол күтімін жасап, телім бойын жағалап жүр...



**Шахида ЖҰМАН,**
*Маңғыстау*

Дистанциядағы 8 жол телімі учаскесінің бірін Құрметті теміржолшы Тұтқабай Оңғаров басқарады. 60 км жолдың күтімін жасап жүрген елуден астам адамның жұмысына жауапты. Яғни, төрт жол шебері, үш бригадир, төрт өткел кезекшісі, бір техник пен қырық тоғыз жол монтері бар. Телім бастығы жазғы кестеге орай жолшыларды ағымдағы жол күтімін жасаудан өзге жұмысқа жекпейді. Себебі, мынадай аптап ыстықта пойыздар жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жол табанын талапқа сай ұстап отырудан артық міндет жоқ екенін ол жақсы біледі. Сондықтан жолшыларға артық салмақ жүктемейді. Биылғы мың шпалды жаңарту жоспарының да күзге дейін жүзеге асатынына күмән жоқ. Май айында 260 шпал ауыстырылыпты. Айтуынша, алғашқы жартыжылдықтағы нәтиже жақсы. Жол күтімінің баллдық бағасы да ойдағыдай. Айына екі рет жүріп өтетін жол өлшегіш вагонның мәліметі бойынша қай жерде ақау, қай жерде қауіп бар, жолдың кем-кетігін түзеп отырады. Сол жұмыстың бәрін учаске бастығы өзі обход жасап тексеріп отырады.

Шетпе жол дистанциясында қатардағы жолшы болып 1995 жылы еңбек жолын бастаған Тұтқабай Тұрымұлы Асан Байжанақов, Оңайбай Жалғасбаев, бригадир Жолдас Дәуітов, Әділхан Сақтағанов сынды мықты теміржолшылардан көп нәрсе үйренген екен.

– Мені кәсібімнің қыр-сырына үйреткен сол жандардан көріп-білгенімді өзімнен кейінгілерге беруге тырысамын. Теміржол тәртіпті сүйеді. Мұнда босаңсу, бос жүру мүмкін емес. Кейбір мамандықтар сияқты кейін немесе ертең істеймін деу жоқ. Жүктелген міндетті өз уақытында және тиянақты орындау керек деп жас әріптестеріме айтудан жалықпаймын. Тыңдар-тыңдамас, құлақтарына құя берем. Себебі қазір көп жастар «смартфон» ауруына шалдыққан. Түскі үзіліске шыққанда телефондарымен «табысып», шұқшиып отырады. Ал біз үзіліс уақытын да тиімді пайдаланып,тамақтанған соң демалып отырғанда ұстаздарымызға нұсқаулық, кәсіпке қажетті технологиядан сауал қойып, өзара жарысып, тіпті сол үшін бір-бірімізбен сөзге келіп те қалатынбыз. Жастарға жауапкершілік жүгі бәрінен ауыр болу керек екенін сіңіргім келеді, – дейді Құрметті теміржолшы.

Тұтқабай Оңғаров 43 жасында Құрметті теміржолшы атанды. 2013 жылы өзіне тиесілі жол телімін бірнеше жыл бойы талапқа сай, мінсіз ұстағаны үшін «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» белгісімен марапатталған. Екі жыл бұрын «Құрметті теміржолшы» төсбелгісін тақты.

– Жол шаруашылығына алғаш келген кезім. Әділхан Сақтағанов мастер, бізді аяқалысымыздан-ақ білетін. Мені тәрбиелі маманға бекітіп беріп, үйретуді тапсырды. Жұмысымды қадағалап қарап жүрді, білмегенімді үйретті. Көп ұзамай екінші разряд беріп жол монтеріне ауыстырды. Монтерлықта жүрген кезімде теміржолшылар мерекесіне орай ПТЭ-дан жарыс ұйымдастырылды. Қатысып, үшінші орынды жеңіп алған мен үшінші разряд алдым. Кейіннен Ақтөбеде алты ай бригадирдің оқуын оқып келдім. Сол Шетпеде үш жыл жол бригадирі, тағы үш жыл мастер болып еңбек еттім. 2010 жылы Маңғыстау жол дистанциясына мастер болып келдім, – дейді бүгінде учаске бастығы Тұтқабай Оңғаров.

*Суретті түсірген автор*

СЕРВИС

# БОЛЬШЕ КОМФОРТА

На станции Усть-Каменогорск завершаются работы по удлинению перрона.

Эти очень важные и масштабные работы проводят хозяйственным способом представители Семейского отделения магистральной сети, предприятий, входящих в его состав: Защитинской дистанции пути, Защитинской дистанции сигнализации и связи, Семейской дистанции электроснабжения, пожарного отряда и восстановительного поезда, вокзального хозяйства.

Слишком короткий перрон на станции Усть-Каменогорск уже давно стал предметом жалоб для жителей и гостей города. Ведь попасть в вагоны или выйти из них было делом непростым.



– Дело в том, что железнодорожный вокзал был построен на станции Усть-Каменогорск еще в 1938 году для внутреннего сообщения Усть-Каменогорск – Зыряновск, – рассказал заместитель директора Семейского отделения магистральной сети Алибек Шуманов, который руководит ходом работ. – В то время пассажирские поезда были более короткими, перрон строили под них. После открытия ветки Новоустькаменогорск – Шар вокзал станции Усть-Каменогорск стал более востребованным. Здесь стали останавливаться поезда, которые следуют по маршрутам Оскемен-1 – Алматы и обратно. На этом вокзале, который расположен в центре города, собирается большое число пассажиров и провожающих. Но вагоны пассажирских поездов не помещались в полезную длину перрона. Людям приходилось спрыгивать с площадок вагонов на щебень, забираться в них тоже было тяжело. Перрон удлинили на 150 метров, и это будет намного удобней для пассажиров.

В последние дни железнодорожники занимались отсыпкой откоса перрона с так называемой полевой стороны. Потом устанавливали дополнительное металлическое ограждение. На отсыпке откоса работал кран КЖ с платформой, а передвигала его дрезина МПТ. Техника заезжала в тупик, куда заранее выгрузили щебень, брала необходимый объем этого материала и грузила на платформу. После этим щебнем и отсыпали откосы перрона. К слову, перрон будет не только длиннее, но и шире. Железнодорожники надеются, что пассажиры останутся довольны результатами их трудов.

*Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск*

*Фото автора*

БЕЗОПАСНОСТЬ

# ОРИЕНТИР НАДЕЖНОСТИ

В Алматинском эксплуатационном локомотивном депо значительно улучшилось состояние безопасности по сравнению с аналогичным периодом предыдущего года. За 7 месяцев допущено 2 случая нарушения безопасности движения поездов против 22 аналогичного периода прошлого года, в том числе 2 инцидента.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
*Алматы*

В депо постоянно внедряются современная техника и технологии, развито рационализаторское движение. Разработаны основные мероприятия планово-предупредительной системы обеспечения безопасности движения. Успешно решаются социальные вопросы, и тем самым создаются условия для безопасности и высокопроизводительного труда.

С начала года поступило 2727 рапортов машинистов против 2266 аналогичного периода прошлого года. По данным расшифровки скоростемерных лент, за 7 месяцев допущено 75 случаев нарушений против 22 периода прошлого года.

Локомотивными бригадами с начала года применено 528 экстренных торможений против 531 случая аналогичного периода 2018 года. В том числе на людей –147 (против 161 в 2018 году), из них с наездом 10 случаев против 6 случаев периода прошлого года; на скот – 170 случаев против 144 периода прошлого года, из них с наездом – 52 против 29 случаев в 2018 году; на автотранспорт – 4 случая против 2 в 2018 году, из них с наездом – 2 случая против одного в 2018 году.

Регулярно проводятся совещания с локомотивными бригадами по вопросам безопасности с детальным разбором допущенных случаев нарушения безопасности движения, состоянии охраны труда, организации труда и отдыха локомотивных бригад и другим, требующим решения.



Технической учебе уделяется тоже пристальное внимание, ведь практикой доказано, что плохо обученный специалист может стать причиной нарушения и неоправданного риска.

– Безопасность движения поездов – основное условие эксплуатации железной дороги, и все организационные и технические мероприятия должны отвечать требованиям безопасности и бесперебойного движения поездов, и мы к этому прилагаем максимум усилий, – комментирует начальник Алматинского эксплуатационного локомотивного депо Мурат Оспанов.

*Фото автора*

АКТУАЛЬНО

# ПОЖАРНАЯ СЛУЖБА НЕ СПИТ

В Карагандинской области ликвидировано 9 случаев горения степных массивов с участием сотрудников пожарного поезда АО «НК «ҚТЖ». Борьбу с пожарами вели в Бухар-Жырауском, Улытауском, Абайском, Осакаровском и Шетском районах. Площадь горений составила от 5 до 49 гектар.

**Светлана МОГАЙ,**
*Караганда*

По словам начальника пожарного поезда Карагандинского отделения магистральной сети Ануара Кумекова, в большинстве случаев пожары возникают из-за людской небрежности: незатушенного костра, брошенного окурка, поджога мусора, старой травы, тлеющего патронного пыжа, осколка стекла.

В случаях возникновения пожара всегда наготове находится специальный состав, в который входят четыре вагона-насосных станций, пожарнотехническое оборудование, моторное отделение. В одном вагоне установлены две цистерны с водой. В запасе также имеется 3 тонны пенообразователя.

Ежедневно производится запуск и проверка всей пожарной техники.

Пожарные не расслабляются ни на минуту. Они ежедневно по плану проводят практические отработки и нормативы и всегда находятся в полной боевой готовности.



С начала пожароопасного периода в области зарегистрировано 265 возгораний степных массивов. Тушение природных пожаров происходило от нескольких часов до нескольких суток. Благодаря совместным усилиям не допущено перехода огня на сельхозугодья. Всего в тушении пожаров принимали участие 122 сотрудника подразделений ДЧС, 144 человека добровольных противопожарных формирований.

*Фото автора*

НОВОСТИ

## ГРУЗ ПО РАСПИСАНИЮ

**Более 140 миллионов тонн груза погружено по сети АО «НК «ҚТЖ» с начала года.**

Железнодорожники в полном объеме обеспечили перевозку социально значимых грузов. Рост обеспечен за счет увеличившейся погрузки каменного угля, цветной руды, строительных грузов и продуктов перемола.

За июль погрузка по сети АО «НК «ҚТЖ» составила 22 миллиона тонн груза, что выше показателя аналогичного месяца предыдущего года на 2,5%. Эксплуатационный грузооборот – на уровне 19 миллиардов тонно-километров нетто, его рост по отношению к аналогичному периоду 2018 года составил 2,3%.

Улучшено большинство количественных и качественных показателей эксплуатационной деятельности, таких как среднесуточная производительность локомотива и грузового вагона, оборот рабочего вагона, средняя участковая и техническая скорости движения грузового поезда, масса поезда.

В целом по итогам 7 месяцев перевозка грузов железнодорожным транспортом в Казахстане составила 140 миллионов тонн. При этом эксплуатационный грузооборот с начала года составил более 126 миллиардов тонно-километров нетто и вырос по сравнению с аналогичным периодом прошлого года на 0,6%.

*Айлин БАУРЖАН*

## СОРНЯКАМ ТУТ НЕ МЕСТО

**На всех станциях, дистанциях и перегонах Павлодарского Прииртышья в самом разгаре сезон травоборьбы. Сейчас проведение борьбы с нежелательными растениями усложняет жара, которая накрыла регион.**

Несмотря на эти обстоятельства, железнодорожники стараются за короткие сроки очистить вверенные им территории. Как известно, зарастание путей сорняками и кустарниками представляет собой серьезную проблему, которая создает угрозу для безопасности движения поездов. Как отмечают на станции Павлодар, наличие нежелательной растительности затрудняет смену шпал и осмотр пути.

– Начиная с весны, разрабатывается план мероприятий, направленных на подготовку к зимнему периоду, где неотъемлемой частью является прополка травы, – рассказывает начальник производственно-технического отдела станции Павлодар Нурсултан Екпинтаев. – Территория станции Павлодар разделена на участки, которые закреплены за всеми структурными организациями и сменными работниками станции. Сотрудники в свою очередь распределяют пути по сменам, и в нерабочее время проводят прополку закрепленной территории. Перед этим делаем запись об очистке участка от травы и мусора. Это делается для предупреждения прохода людей по смежным путям. Обязательно проводим целевой инструктаж по безопасности.

*Айдана ЕРТАЙ*

## ЧИСТЫЙ ВОКЗАЛ

**На вокзале перекупщиков билетов не обнаружено. В целях проявления принципа нулевой терпимости к беспорядку и правонарушениям на объектах железнодорожного транспорта на станции Нур-Султан-1 прошла широкомасштабная акция «Чистый вокзал».**

На период проведения рейдового мероприятия на перрон железнодорожного вокзала Нур-Султан-1 прибыл поезд №44 сообщением Костанай – Алматы.

– Вместе с начальником поезда Айнаш Кусаиновой мы произвели внеплановую проверку выборочно одного плацкартного вагона. При обходе безбилетных пассажиров не обнаружили, перекупщики проездных билетов замечены не были, – отметил начальник отделения административной полиции линейного управления полиции на станции Нур-Султан-1 подполковник полиции Абай Килибаев.

Также на столичном железнодорожном вокзале пассажирам раздавались брошюры, памятки профилактического характера с разъяснением норм действующего административного законодательства.

– Данные акции проводятся ежемесячно. Также целенаправленная работа по выявлению данных фактов у нас ежедневно ставится перед нарядом полиции, – сказал Абай Килибаев.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

## БУДУЩЕЕ УЖЕ НАСТУПИЛО

**Внедрение системы электронного документооборота (СЭД) в структурные подразделения АО «НК «ҚТЖ» позволило существенно повысить качество работы. Электронная переписка значительно сократила время работы, кроме того в 2 раза уменьшились расходы на почтовые отправки и почти на столько же снизилась выдача бумажных документов.**

Для реализации проекта специалистами была проведена масштабная работа по прохождению аттестации на информационную безопасность системы. Подключение центрального аппарата, филиалов и линейных отделов к обмену документами в электронном виде повысило эффективность и прозрачность процессов. Интеграция СЭД позволила сократить бумажный документооборот и, что немаловажно, сэкономить финансовые средства.

– СЭД позволяет экономить на расходных материалах, требуемых для бумажных носителей, на затратах, связанных с доставкой документов. По предварительным оценкам, с внедрением данной платформы скорость документооборота увеличилась в два раза, – сообщил менеджер службы канцелярии АО «НК «ҚТЖ» Бауржан Бисимбаев.

По его словам, сотрудники компании работают в новом формате, не предполагающем привычных подписей и печатей, позволяющем мгновенно находить нужный документ и определять его статус. Это будущее, которое уже наступило.

Выбор СЭД в качестве базовой платформы в ҚТЖ связан с такими преимуществами как автоматизация бизнес-процессов, создание единого информационного пространства, повышение скорости движения и эффективности работы.

*Руслан РАХМЕТОВ*

Руководство и коллектив АО «НК «Қазақстан темір жолы» глубоко скорбят по поводу кончины ветерана труда, Почетного железнодорожника

**Ауесбаева Тыныштыкбая Омаровича**

и выражают искренние соболезнования его родным и близким.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының басшылығы, кәсіподағының комитеті мен еңбек ұжымы еңбек ардагері, құрметті теміржолшы

**Әуесбаев Тыныштықбай Омарұлының**

қайтыс болуына байланысты, марқұмның отбасы мен туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Коллективы АО «Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева» и колледжей КазАТК выражают искренние соболезнования доктору технических наук, профессору Ауесбаеву Ерлану Тыныштыкбаевичу, семье и близким по поводу тяжелой утраты – кончины отца

**Ауесбаева Тыныштыкбая Омаровича**

М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы Ақмола колледжінің ұжымы адал дос, әріптес, аяулы ұстаз

**Мұхтарханова Бағдағүл Диханбайқызының**

кенеттен қайтыс болуына байланысты анасына, бауырларына қайғырып көңіл айтады.

NUR MEDIA

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

«Нұр-Медиа» ЖШС Бас директоры
**Болат ҚАЛИЯНБЕКОВ**

Бас редактор
**Дина МУЗДУБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары
**Меруерт ӨМІРЗАҚОВА**

Редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Кенесары, көшесі, 25. Бөлім тел.: 8 (7172) 94-57-93, 94-55-34, 94-40-37, 94-42-09, 94-52-88, railnews@mail.ru

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 14114
Газет тарату және жеткізу қызметімен «Нұр-Медиа» ЖШС айналысады
® Жарнама. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Кезекші редакторлар: **Р. Рахметова, Р. Рахметов**

**Меншікті тілшілер:**
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосүйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Жасұлан Сейілханов 8-775-573-23-53
Маңғыстау: Шахида Джуманова 8-701-195-70-35
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Кокшетау: Сауле Кусаинова 8-701-738-96-70

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 (7172) 94-52-88, 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Жарнама жөніндегі менеджер Жанель Сағындықова, тел. 8 (7172) 24-95-44, e-mail: reklama_hit@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.

САЯХАТ

# ТУРИСТІК ПОЙЫЗ САПАРЫ ТӘМАМ

Жұма күні Елордада «Туған елге саяхат» балалар туристік пойызы жобасының биылғы маусымдағы салтанатты жабылу рәсімі өтті. Биыл үшінші рет жүзеге асып отырған жоба Қазақстан мен көрші елдерден келген 600 балаға еліміздің көрікті қалалары мен елді мекендерін тамашалап, саяхаттауға мүмкіндік сыйлады.

**Сұлугүл БАКЕСОВА**

Тур аясында балалар Нұр-Сұлтан, Алматы, Тараз, Байқоңыр қалаларында болып, әр қаланың тарихымен танысты, сондай-ақ Балқаш көліне шомылып, жазғы демалыстарын естен кетпес тамаша көңіл-күймен өткізді. Сонымен қатар балалар бір-бірлерімен достасып, пойыздың қалалар арасында сапары кезінде түрлі үйірмелер мен шеберлік кластарына қатысып, уақыттарын қызықты өткізді.

– Бүгін «Туған елге саяхат» балалар туристік пойызы жобасы мәресіне жетіп отыр. Бүгін пойыздың соңғы қатысушыларымен кездесіп отырмыз. Саяхат балалардың көңілдерінен шықты деп ойлаймын. Сөз реті келгенде, осы жобаның сәтті жүзеге асуына белсене қатысқан серіктесіміз «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясына, Әлеуметтік жобалар қорына зор алғысымызды білдіреміз. Алғаш бұл жоба 2016 жылы жүзеге асты. Жыл сайын пойыз бағдары ауысып отырады. Сонымен балалардың ата-аналарына да алғыс айтамыз, олар әлеуметтік желілерде белсенділік танытып, балаларының алған әсерлерімен бөлісіп отырды. Бұл жобаның аясы кеңіп, қатысушылар саны артып келеді. Бастапқы жылы 90 бала болса, биыл қатысушылар саны 600 баланы құрап отыр. Сондықтан біздің сүйікті жобаларымыз санатынан саналатын бұл жоба келешекте де жалғасын табады деген ойдамыз, – деп ой бөлісті «Samruk-Kazyna Trust» ресми өкілі Мирас Еркебаев.



Биылғы жобаның ерекшелігі, оған көрші елдерден, атап айтқанда Ресей, Моңғолия, Белоруссия, Украинадан келген қазақ диаспорасының өкілдерінен 50 бала қатысты. Сонымен қатар жоба қатысушылары қатарына еліміздің шалғай өңірлерінде орналасқан көпбалалы және толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан, оқу үлгерімі жақсы, сондай-ақ, өндірістік кәсіпорындар мен зауыт жұмысшыларының 500 баласы және де шығармашылық байқау қорытындысы негізінде Қазақстан бойынша анықталған жеңімпаз 50 бала кірді.

– Мен «Туған елге саяхат» балалар туристік пойызы жобасы арқасында тарихи отанымның тамаша қалаларын аралап, көп мағлұмат алдым. Осы жобаны ұйымдастырушыларға алғысым шексіз, – дейді Орынбордан келген Әлихан есімді жеткіншек.

Соңғы маусым қатысушылары «Жетісу» саябағында өздері дайындаған концерттік бағдарламаны көпшілік назарына ұсынды. Ал салтанатты жабылу рәсімі соңында осы жобаны насихаттап, елге танытқан бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

*Суретті түсірген Виктор ОРЛОВ*

## Құттықтаймыз!

ОРЫМБАЕВ АРҒЫН ҚАЙЫРБАЙҰЛЫ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Қызылорда ЖТ бөлімшесі» Қазалы вагон пайдалану деposының бастығы (13 тамыз)*

БЕКЖАНОВ БЕРІК ӨТЕПҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» бас инженері (13 тамыз)*

КӨРПЕБАЕВ ЖҰБАН ҚЫРЫҚБАЙҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Магистральдық желі дирекциясы» вокзал шаруашылығын дамыту және пайдалану жөніндегі атқарушы директор (13 тамыз)*

ҚҰРМАНҒАЛИЕВА ЖАНАР АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Семей ЖТ бөлімшесі» директорының (экономика және қаржы жөніндегі) орынбасары (13 тамыз)*

ТЫНЫМОВ ҚАБИБОЛЛА – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Атырау магистральдық желі бөлімшесі» Атырау электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы (15 тамыз)*

ТАҒЗЫМ

# ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Аягөз өңірінде еңбектері ерлікке бергісіз теміржолшылардың қатары қай заманда болмасын мол болған. Бүгінгі буын сала қызметкерлері олардың есімдерін ұмытпай, әрдайым өнеге етуде.

**Қуан ЕРТІС,**
*Семей*

Жуырда Аягөз белгі беру және байланыс дистанциясы мекемесінің жанынан соғыс ардагері, «Еңбек қызыл ту» орденінің иегері, Құрметті теміржолшы Қыдырма Арқабаевқа арналған ескерткіш тақта ашылды.

Шараға Аягөз тораптық ардагерлер ұйымы мен Айдос Жұлдызбаев басқаратын ШЧ-30 мекемесі ұйытқы болған еді. Ескерткіш тақтаның ашылу рәсіміне жиналған аягөздік теміржолшылар, Қыдырма Иманғалиұлының көзкөрген әріптестері мен шәкірттері, туған-туыстары даңқты тұлға туралы естеліктерімен бөлісті.

– Ол осы салада 40 жылдан аса уақыт еңбек еткен, теміржол байланысы саласының аңызы атанған тұлға. Себебі белгі беру және байланыс саласына жаңашылдықтар әкеліп, өндіріске тың тәсілдер енгізудің шебері болды, – дейді шәкірттері. Расында, өткен ғасырдың 1950-60 жылдары Қыдырма Иманғалиұлының өндірістегі көрсеткіштері алдымен Қазақ теміржолына, кейіннен күллі КСРО теміржолы телімдері бойынша үлгі ретінде ұсынылып, қолданысқа енгізілген екен. Мәселен, 1957 жылы Аягөз-Ақтоғай телімі бойында тәжірибе ретінде диспетчерлік орталықтандыру құрылғыларын орнатып, оның қызметін тек бір ғана электромеханик жүргізе алатындай әдістеме қолдану оның бастамасымен жүзеге асыпты. Кеңес дәуірі тұсында белгі беру және байланыс саласында ұлты қазақ кадрлардың да жетістікпен еңбек ете алатынын ісімен дәлдеген бірегей тұлға.




Қазіргі таңда Арқабаевтар династиясының байланыс саласындағы еңбек өтілдері 230 жылдан асады екен. Қыдырма Иманғалиұлы ұлдары Алшын мен Аршынды осы салаға бейімдеп, теміржолды атакәсіпке айналдырған.

КОНКУРС

# ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА ГЛАЗАМИ ДЕТЕЙ

В АО «НК «ҚТЖ» объявлен конкурс детского и юношеского рисунка «Балауса болашақ». Конкурс приурочен к празднованию 115-летия железной дороги Казахстана.

Организаторы мероприятия – сотрудники департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» – отмечают, что главные цели конкурса – популяризация профессии железнодорожника как значимой и престижной в современном обществе, содействие развитию детского художественного творчества среди детей работников компании, а также привлечение внимания к вопросам улучшения условий и безопасности труда.

В конкурсе могут принять участие дети работников центрального аппарата, филиалов и дочерних организаций компании в возрасте от 5 до 14 лет. Рисунки должны соответствовать темам конкурса: для детей от 5 до 7 лет – тема свободная, от 8 до 11 лет – «115 лет железной дороге», от 12 до 14 лет – «Безопасность труда глазами детей». Существуют также требования к рисункам. Работы должны быть исполнены акварелью, гуашью, акрилом, карандашом, пастелью или в смешанной технике, размер должен быть не меньше формата А4 и не больше А3. Главными же критериями отбора рисунков является художественный уровень работы, техника исполнения и полнота отражения темы.

Конкурс продлится до 26 августа, а после подведения итогов победителей наградят дипломами и ценными призами.

По мнению родителей-железнодорожников, такие конкурсы – отличные помощники в деле воспитания у молодого поколения патриотизма и гражданской ответственности. К тому же подобные мероприятия помогают формировать у детей положительный образ человека труда, приобщить их к идеям соблюдения безопасности труда.

По словам организаторов, рисунки будут размещены на информационном стенде в фойе центрального офиса. Также лучшие работы будут использованы для практического применения и будут оформлены в виде постеров, буклетов, плакатов и календарей.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

МЕРЕЙТОЙ

# ҚОС МЕРЕКЕ ҚАТАР КЕЛДІ

Жақында Қазалы вагон пайдалану депосының 20 жылдық мерейтойы аталып өтті. Теміржолшылар күнімен тұспа-тұс келгендіктен қос мереке құрметіне өткен салтанатты жиында Қазалы вагон пайдалану депосының бастығы осы жылдар ішінде қол жеткізген жетістіктер туралы баяндады.




**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қазалы*

– Еңбекпен тапқан абыройымыз, жеңісіміз еселеніп, теміржолшылар мерейінің үстем болуы үшін жұмыс жасайық қадірменді әріптестер, мен сіздермен мақтанамын, – деді депо бастығы Арғын Орымбаев.

Салтанатты шараға мекеме ардагерлері шақырылып, депоның дамуына үлес қосқан үздіктер марапатталды. Олардың қатарында Алтай Сейтмағамбетов, Еркін Сайфулмәлік, Түстібай Әлбиев, Айбосын Сүндетов, Батырхан Жұмабаев «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісімен марапатталса, Алдаберген Меңдібаев «Адал еңбегі үшін» медалін алып, Ерлан Есмамбетов «Үздік маман» атанды. Сонымен қатар қонақтарға естелік ретінде мерейтойлық төсбелгілер, кітапшалар мен блокноттар таратылды.

СПОРТ

# СТРАТЕГИЧЕСКАЯ ИГРА

На станции Акадыр Карагандинской области состоялся турнир по футболу. В соревнованиях приняли участие 5 команд железнодорожных структур.

**Светлана МОГАЙ,**
*Караганда*

Несмотря на сильную жару, одно из самых популярных видов спорта прошло на высшем уровне. Команды сыграли по «круговой» системе. На протяжении всего турнира футболисты показывали красивые комбинации и приобретенный за годы тренировки профессионализм.

Как отметил инструктор по спорту Карагандинского отделения магистральной сети Куаныш Игитаев, футбол – это игра, которая развивает стратегическое мышление и в большей степени привлекает представителей мужского пола. Поэтому неудивительно, что сегодня существует множество любительских команд на областном и региональном уровнях. Соревнования среди железнодорожников – это отдельная тема. Ведь именно работники стальной магистрали в подобных турнирах проявляют сплоченность, корпоративный дух и мужскую солидарность.



На спортивной площадке можно было наблюдать шквал эмоций среди болельщиков. Полная отдача каждого футболиста на игровом поле заряжала присутствующих бодростью и оптимизмом.

По итогам турнира призовые места распределились следующим образом: 3 место заняла команда ВЖДО, 2-е – ЭЧ-12 и 1 место – ТД-11.Стоит отметить, что провести соревнования помогли председатели профсоюзных комитетов ЭЧ-12 Мурат Жакупбеков, ПЧ-26 Алдияр Шералиев, ШЧ-21 Ерлан Шалгимбаев.

*Фото автора*

# ӘРІПТЕСТЕРГЕ АРНАЛҒАН ТУРНИР

Кәсіби мерекеге орай Бейнеуде кіші футболдан аудандық турнир өтті. Спорттық жарыс бүгінде арамызда жоқ ардагер теміржолшыларды еске алуға арналды.

**Шахизада САРИНА,**
*Маңғыстау*

Бүгінде тоғыз жолдың торабына айналған Бейнеу теміржолын түлетуге бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен теміржолшылар аз емес. Олардың қатарында, мысалы, Амангелді Байтілетов, Қыдырсиық Сисенов, Дүйсеғали Шалғабаев, Ыбырай Шоманов, Серікбай Қабдышев, Тұрмағанбет Өмірзақов есімдері ерекше құрметпен аталып, шараға марқұмдардың отбасы, жақын туыстары қатысты. Турнирдің ашылуында сөз алғандар осынау ардагер аға буынның еңбек жолынан естеліктер айтып, рухына тағзым етті. Шараға теміржолшылармен қатар ауданның спорт және мәдениет бөлімінің басшылары, мәслихат депутаттары қатысты.

Ойын екі күнге созылды. Теміржолшылардан құралған командалар бір-біріне есе жібермеуге тырысып, жарыстың көрігін қыздырды. Дегенмен, екінші күні Бейнеудегі локомотив айналым депосының жігіттеріне жететін ешкім жоқ екені белгілі болып қалды. Көпшілік жеңімпаздарды өздері-ақ күнібұрын айқындап қойды. Болжам шындыққа айналып, локомотившілер бірінші орынды, станция қызметкерлері екінші орынды иемденді. Ал Бейнеу вагон пайдалану айналым депосының командасы үшінші орынды місе тұтты.



**В ДЕПАРТАМЕНТЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ АО «НК «ҚТЖ» ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА РАБОТАЕТ ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ 60-63-08**